

Г.Б.Сұлтанбекова, М.Т.Абзалбекова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: nkozhanov@mail.ru)

Прокуратура органдарының қызметін үйлестірудің нормативтік негіздері

Мақалада Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының қызметін үйлестірудің нормативтік негіздерінің қалыптасуы мен дамуы сұрақтары қарастырылған. Прокуратура функциясын үйлестіруді жүзеге асыру тәжірибесі осы қызметті заңдық реттеуге анықталған ақаулықтардың бар екендігін көрсетті, яғни жекелеген құқықтық нормалар талқылауда үйлестіруді жүзеге асырудың жалпы ережелерін қалыптастыруда прокурорлық қадағалау өкілеттілік үйлестірумен араласып кеткен. Авторлардың пікірі бойынша, прокуратура органдарының қызметін үйлестіруге қатысты ҚР арнайы заңы қажет.

Кілтті сөздер: прокуратура, үйлестіру, қарым-қатынас, бағыт, функция, үйлестіру қызметінің нормативтік негіздері, заңдылық, қылмыстықпен күресу, заңдылықты сақтау.

Құқыққорғау органдарының механизмінде прокуратураның орны құқыққорғау органдарының заңдылықты, құқықтық тәртіпті қызметін үйлестіру кезінде, сонымен қатар қылмыспен күресуді қамтамасыз ету кезінде анық көрініс табады.

Осы уақытқа дейін қазіргі таңдағы заң әдебиеттерінде «құқыққорғау органдарының» түсінігі бойынша түрлі даулы жағдайлар туындаған. Мемлекет бойынша заңнамалық, не басқа да нормативті актілерде құқыққорғау жүйесінің түсінігіне, мазмұнына және құрылымына қатысты дұрыс анықтама берілмеген, бірақ көптеген заңдарда және басқа да нормативті-құқықтық актілерде бұл терминдер кең таралған.

Мемлекеттік-құқықтық құрылымдарды «қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштеріне», «мамандандырылған қызметтерге», «құқыққорғау жүйесіне» сәйкес қатыстырған. Бұл түсінікті жағдай, өйткені осы органдардың міндеттері мен қызметтері әр түрлі терминдерді қалыптастыратын жалпы ортақ белгілерін құрайды. Салыстырмалы түрде, қазақстандық юриспруденцияда, құқыққорғау жүйесі туралы сөз қозғағанда авторлардың көбісі «қылмыстық әділеттің органдары» деген терминді қолдана бастады. «Құқыққорғау органдарының құрамына қатысты нақтылық жағдай қалыптаспаған (оның ішінде мемлекеттік немесе мемлекеттік емес институттарды жатқызамыз немесе қайсысын жатқыздыруға болмайды деген сұрақтар туындаған). Іс жүзіндегі заңнамада, сонымен қатар сот төрелігіне қатысты бұл проблемалық жағдай қараудан тыс қалған болатын» [1].

Осындай ерекше кеңестік заң ғылымындағы маркстік-лениндік идеологиясының басым болу жағдайы құқыққорғау жүйесімен байланысты проблемаларды зерттеу кезінде өз ізін қалдырды. Ұзақ уақыт бойы зеректік аппарат та болмаған. Құқыққорғау органдарын жіктеу бойынша арнайы зерттеулер, А.Г.Братко атап көрсеткендей, тек сексенінші жылдары ғана пайда болды. Оған дейін аталған проблема әлеуметтік заңдылық және құқықтық тәртіпті сақтау контекстінде қарастырылған [2].

Қазақстанда тәжірибедегі қызметкерлер құқыққорғау органдарына ішкі істер органдарына, қаржы полициясына, ұлттық қауіпсіздік комитетіне, кеденге жатқызылған.

Оқу-әдістемелік кешеннің авторлары құқыққорғау органдарына және мекемелеріне Конституциялық Кеңесті, соттарды, прокуратураны, әділет органдарын, адвокатураны, қылмыстық қудалау органдарын (Н.А.Бекбергенов); соттарды, прокуратураны, әділет органдары мен мекемелерін, адвокатураны, ІІМ, салық қызметтерін (салық полициясын) (М.К.Самалдықов 1996 ж. жағдай бойынша); Г.Ж.Сүлейменов және Р.Т.Түсіпбеков қазіргі қазақстандық құқыққорғау органдарының кең тізімін ұсынған. Авторлар құқыққорғау органдарына соттарды, соттардың қызметін ұйымдастыратын органдарды, Конституциялық Кеңесті, Әділет министрлігі және оның органдары, прокуратураны, жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын тергеу және анықтау органдарын және адвокатураны жатқызды. «Құқыққорғау органдары» деген атауы бар 2002 жылдың заңнамалық актілердің жинағында «2002 жылдың 1 қаңтар бойынша) құқыққорғау органдарына прокуратура; ішкі істер; ұлттық қауіпсіздік; соттар; жол, әскер және қаржы полициясы, кеден қызметі; Қазақстан Республикасы Президентін күзету бойынша қызмет; Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесі; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер министрлігі жатқызылған. 1998 жылы 23 шілдеде бекітілген «Қазақстан Республикасының құқыққорғау органдарының Үйлестіру

кеңесі туралы» ережесі бойынша Қазақстан Республикасының құқыққорғау органдарының Үйлестіру кеңесінің бірінші ұйымдастырылған отырысында құқыққорғау органдары туралы Үйлестіру кеңесінің құрамына кірген мемлекеттік органдарының басшыларының тізімі бойынша байқауға болады. Сол кезде Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің Төрағасы, Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Қаржы министрінің бірінші вице-министрі, Салық полициясы комитетінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі Кедендік комитетінің Төрағасы.

Кең мағынада мемлекеттің кез келген жүйесі өзінің негізінде құқыққорғауды жүзеге асыратын қорғау қызметін атқарады, бірақ та бұл жүйені әлеуметтік негізделген деп санауға болмайды. О.И. Чердаковтың пікіріне сәйкес, «кейде құқыққорғау жүйесі мемлекеттің және оның заңнамалық актілердің ерікті нәтижесі болып табылады. Құқыққорғау жүйесінің қалыптастыратын көптеген факторлар және алғышарттар бар. Олардың көптілігі құқыққорғау объектісін қалыптастыратын әлеуметтік мүдделердің көп түрлілігімен анықталады — осындай пікір мемлекетте құқыққорғау жүйесінде прокуратураның орнын қарастыруды пайдалануы мүмкін» [3].

«Құқыққорғау қызметі туралы» ҚР Заңын 2011 жылы 6 қаңтарда қабылдағаннан кейін, заң шығарушының құқыққорғау органдарына қатысты көзқарасы анықталды [4]. Құқыққорғау жүйесі, осы заңға сәйкес, мемлекеттік орган болып саналады, ол мемлекеттің адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтауды қамтамасыз ететін, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделерін сақтайтын мемлекеттік орган болып табылады.

Құқыққорғау органы өзінің құзырына сәйкес қылмыстылықпен және өзге де құқықбұзушылықпен күресу бойынша мемлекеттің саясатын жүзеге асырады, заңдылықты және қорғамдық тәртіпті сақтау, құқықбұзушылықты зерттеу, ашу, ескерту, алдын алу сияқты арнайы өкілеттіктерге және қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін орындау бойынша өкілеттіктерге ие.

«Құқыққорғау қызметі туралы» ҚР Заңын 3-бабында құқыққорғау органдарының тізімі көрсетілген. Құқыққорғау органдарына ішкі істер, қаржы полициясы, прокуратура, қылмыстық-атқару жүйесі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, Қазақстан Республикасының кедендік органдары жатады.

Сараптамалық қорытындыларды кейбір авторлар «Құқыққорғау қызметі туралы» ҚР Заңы құқыққорғау органдарын тек мемлекеттік құрылым және «қылмыспен күрес бойынша мемлекеттің саясаты» жүзеге асыратын құқыққорғау органдары ретінде қарастырады [5].

Қылмыстылықпен күресу және құқықбұзушылықпен күресу бойынша құқыққорғау органдарының қызметін үйлестіретін прокуратураға жүктелген міндеттерге қатысты заңшығарушының көзқарасы біркелкі болып табылмады. Бұл міндет прокуратурадан алынып және арнайы құрылған мемлекеттік құрылымдарға жүктелген (1989 ж. қылмыстылықпен күресу бойынша Уақытша комитет), (Құқыққорғау органдары қызметін үйлестіру бойынша 1991 ж. комитет).

«Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» 1992 жылдың 17 қаңтарында қабылданған Заңда прокуратура органдары құқыққорғау органдарының қызметін үйлестіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін норма болмаған. Келесідей 1994 жылы шілде айында прокуратураға үйлестіру қызметін қайтарып, бірақ та 1995 жылы 21 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы» № 2709 заңдық күші бар Заңы ҚР Президентінің Жарлығымен қайтадан прокуратура органдары осы міндеттен айырылды. Заңшығарушының 1998 жылдың шілде айында құқыққорғау органдарының қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын прокуратураға бұл міндетті қайтарып беруі түсініксіз болып отыр.

Құқыққорғау органдарының қылмыстылықпен күресу бойынша қызметін үйлестіру прокуратура органдарының қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Прокуратура органдары туралы заңнамаға қосылған соңғы толықтырулар прокуратура органдарының қызметінде қаншалықты маңызды екендігін көрсетті.

Прокуратураға жүктелеген үйлестіру міндеті құрылған кезден бастап пайда болды. Прокуратураның даму үрдісінде осы бағыттың мазмұны, пәні және құқықтық реттелуі әр түрлі себептер бойынша өзгеріп отырды.

Үйлестірудің этимологиялық түсінігін қарастыра отырып, біз келесілерді анықтаймыз, яғни, үйлестіру «келісу, қалыпқа келтіру, тәртіпке келтіру, сәйкестендіру» деген мағыналарды білдіреді. Құқыққорғау органдарына қатысты қолданылатын үйлестіру бойынша әр түрлі мемлекеттік органдардың өзара келісімділік қызметі және құқықтық тәртіпті нығайту және қылмыспен күресу бойынша бірлескен қызметтері ретінде қолданылады. Ресей ғалымдардың пікірінше, «үйлестіру

түсінігіне анықтама беретін келесідей ұғым ретінде қарастырады: «қызметтердің келісуі» ретінде, сонымен қатар «келісілген әрекеттерді дайындау және жүзеге асыру» ретінде. Сонымен қатар үйлестіру құқықорғау органдарының бірлескен қызметі емес, үйлестіру мемлекеттік функция және бұл функцияны жүзеге асыратын тек қана прокуратура органдары болып табылады. Үйлестіру қызметін жүзеге асыру барысында прокурор қылмыстылықпен күрес бойынша құқықорғау органдарының қызметіне ықпал етіп, оларды біріктіріп және үйлестіріп жүзеге асырады. Үйлестіру әрекеттерді біріктіру тәсілі ретінде қарастырып, ал келісілген қызметті біріктірілген кейінгі оң нәтижесі ретінде қарастыруға болады [6].

Ресей Федерациясының тәжірибелік қызметкерлері өздерінің пікірлерінде «үйлестіру қызметін әрі қарай дамыту қажеттілігі туралы сөз қозғайды, үйлестіру туралы жаңа ережені қалыптастыруы қажет, сонымен қатар прокурордың үйлестіруші ретіндегі мәртебесін көтеру қажет, оған тиісті үйлестіру регламентін және қабылданған шешімдерді орындамағаны үшін тиісті жауапкершілікті орнату туралы сұрақтарды қамтитын құқықтармен қамту қажет, біздің ойымызша, бұл жағдайлар құқықорғау қызметінде жалпы жалпы оң көрініс береді» [7].

Біздің мемлекетімізде № 68 2011 жылы 2 мамырда қабылданған ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыспен күресуді қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Үйлестіру кеңесі туралы жаңа ереже қабылданды. Бұл Ережеде, біздің пікірімізше, Үйлестіру кеңесінің келісілген шешімдерін орындау бойынша әрбір мемлекеттік орган басшысының жауапкершілігі туралы өзінің көрінісі қалыптасқан. Содан басқа үйлестіру келесідей негізде жүзеге асырылған: заңдылықты сақтау, қылмыспен күресу бойынша мақсаттар мен міндеттерді күшейту, заңдылықты және құқықтық тәртіпті нығайту бойынша мемлекеттік органдардың күштерін біріктіру; шешімдерді қабылдау және ұсыныстарды енгізу бойынша ведомстволардың теңдігі жатады. Үйлестірудің негіздеріне сонымен қатар мемлекеттік органдардың іс-шараларды, ұсыныстарды жүзеге асыру кезіндегі ұйымдастыру-тарату қызметіне кедергі келтірмеу; күрделі құқықтық мәселелерді шешу кезіндегі бір бағытты қолдану; адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы және заңмен қорғалатын құпия туралы заңнамалардың талаптарына қайшы келмейтін жариялылықтың болуы қажет.

Ғалым және тәжірибешілердің прокурорлық қадағалаудың проблемалық жағдайымен айналысатын ұсыныстары іс жүзіне асырылды, яғни Қазақстан Республикасының құқықорғау органдарының Үйлестіру кеңесі туралы ережесін Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекіту қажет. Олардың ойынша, бұл «Үйлестіру кеңесі қызметінің нормалық жағдайын және тиімділік деңгейін арттырады» деген пікірде болған [8].

Үйлестіру кеңесінің өзгертілген міндеттері функциялар және өкілеттіліктер зейінді аудартады.

Қазақстан Республикасында заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыспен күресуді қамтамасыз ету бойынша Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеттеріне келесілер жатады:

1) құқықорғау және басқа да мемлекеттік органдардың азаматтардың құқықтығы мен бостандықтарын қорғау, заңдылықты және құқықтық тәртіпті, сонымен қатар қылмыспен күресу бойынша қызметті үйлестіру;

2) құқықорғау қызметінің тиімділігін арттыратын және оны құқықтық жетілдіруге бағытталған құқықорғау қызметінің жекелеген ұсыныстары мен әрекеттерін дайындау;

3) қылмыстылықтың жағдайын талдау және талқылау негізінде орналасқан қылмыстылықпен күресуге бағытталған негізгі бағыттарды анықтау, сонымен қатар оның құрылымын және динамикасын, қылмыстылықтың даму тенденциясын және басқа да құқықбұзушылықтарды болжамдауды анықтау.

Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыстылықпен күресуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Үйлестіру кеңесі келесі функцияларды жүктейді:

1) қылмыстылықпен күресу бойынша және құқықбұзушылықпен күрес бойынша стратегияны дайындау, осы жұмысқа сәйкес мемлекеттік органдарды, қоғамдық ұйымдарды және бұқаралық ақпарат құралдарын тарту қажет. Құқықорғау органдарының жүйесіндегі, криминогенді жағдай қалыптасқан аймақтарда жұмысындағы негізгі басым бағыттар болып, қылмыстардың оқыс аймақтағы және жалпы алғанда мемлекетте алдын алу жұмыстарын жүзеге асыру;

2) келісім бойынша құқықорғау органдарының, сонымен қатар басқа да мемлекеттік органдардың қылмыстылықтың алдын алуға қатысатын органдардың материалдық-техникалық базасын пайдалану;

3) құқықорғау және басқа да мемлекеттік органдардың азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау, сонымен қатар, қылмыстылықпен күресу бойынша қызметіне талдау жүргізу;

4) қауіпті және таралған қылмыстық қолсұғушылық әрекеттерді ұйымдастыратын топтар пен қылмыстық қауымдастықтармен күрес бойынша бірлескен іс-шараларды дайындау, келістіру және атқару;

5) тәжірибені зерттеу кезіндегі қылмыстарды зерттеу, ашу, алдын алу;

6) қылмыстылықпен күресуге бағытталған және басқа да құқықбұзушылықтармен күресуге бағытталған заңнаманы тәжірибеде қолдану. Заңдылықтың және құқықтық тәртіпті нығайту бойынша заңнаманы жетілдіру туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Президентіне, Қазақстан Республикасы Парламентіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне жариялау;

7) Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесімен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру, құқықорғау органдарының қызметін үйлестіру бойынша тапсырмаларды жүзеге асыру;

8) ынтымақтастық негізде кадрларды дайындау және біліктілігін арттыру бойынша бірлескен түрде шараларды жүзеге асыру.

Іс жүзіне қазақстандық авторлардың ұсыныстары іске асырылған, «Прокуратура туралы» ҚР Заңын келесі тараумен толықтыру қажет. Бұл үйлестірудің құқықтық және ұйымдастырушылық сұрақтарын регламентациялайтын прокуратураның функциясын дербес қарастыруға мүмкіндік береді. Бірақ та жеке тарауды енгізу іске аспады, өйткені 29.12.2010 ж. қабылданған «Прокуратура туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін, прокуратура органдары заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыстылықпен күресті үйлестіреді деп көрсетілген.

Қазіргі кезде Қазақстанда қылмыстылықтың жағдайы, әсіресе онымен күрес және оның алдын алу, сонымен қатар құқықорғау органдарының қызметін үйлестіру саласында ұйымдастырушылықты және заңнамалық бекітуді талап етеді. Осыдан басқа құқықорғау органдарының қызметін үйлестірудің тәжірибелік және теориялық негіздерін ғылыми жағынан зерттеуді талап етеді [9; 71].

Құқықорғау органдарының қызметін теориялық және тәжірибелік жағынан реттеу бойынша авторлар тар ведомстволық мүдделер қылмыстылықпен күрестің төменділігі кедергі келтіреді. Бұл жағдайда прокуратура құқықорғау органдарының қызметінде реттеуші ретінде орын алады.

Үйлестіруді жетілдіру бойынша жеке авторлармен айтылған пікірлерге көңіл аудару қажет. Г.К.Утибаев келесі бағыттарды ұсынады, оның пікірінше, үйлестіру қызметін жетілдіретін қажетті жағдайлардың бірі болып:

- құқықорғау органдарының қызметіне негізделген қаржылық-экономикалық кепілдендірілген негіздердің дербестілігі және тәуелсіздігі;
- әлеуметтік әділдіктің қағидалардың бұзылуы туралы шешілмеген проблемалар;
- кадрларды іріктеу және құқықорғау органдарында қызметкерлердің моральді-іскерлік және кәсіби қасиеттері әр кезде сәйкес келмейді, осы жағдай бойынша жерлестік, туысқандық және «таныс» жағдайлар кездесіп жатады;
- құқықорғау бағытында қоғамдық қызметтің құрылуының қайта дамуы қажет;
- үйлестіру кеңестеріндегі қызмет бұқаралық ақпарат құралдарына дұрыс және нақты, объективті түрде жеткізілмейді;
- КСРО кезінде болған қылмыстылықтың көрсеткіштері сол қалпында өзгерген жоқ;
- қылмыстылық құқықорғау органдарына қарағанда жедел және сәтті қозғалады, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық жағдайларға тез бейім болады;
- қазіргі заманның құқықорғау жүйесі жазаны болдыртпайтын дәрежеге әлі де келген жоқ.

Құқықорғау органдардың функционалдық міндеттерінде қылмыстылықтың алдын алуы қысқартылған нысанда қалыптасқан, яғни құқықтық насихаттан бөлек жүреді [9; 74].

Бас прокурордың төрағалық етуімен 23.08.2012 жылы қылмысқа қарсы күресті күшейту бойынша мақсаттар мен міндеттердің бірлестігі, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту бойынша құқық қорғау органдарының қызметін Үйлестіру кеңесі отырысы болды. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекет әрбір адамға құқықтарының қамтамасыз етілуіне кепілдік береді. Бұл аспектіде қылмыспен келтірілген зардаптарды қалпына келтіруде тұлға құқықтарының қамтамасыз етілуі де аса маңызды мәселе. Бұл жұмыстарды жүргізуде жедел іздестіру қызметі, алдын

ала тергеу және анықтау, сонымен қатар атқарушылық өндіріс органдары өзара үйлесімді қызмет атқаруы тиіс [10].

Автормен келісе отырып, осы уақытқа дейін «Алдын ала тергеу және тергеушінің мәртебесі туралы» заң жобасы әлі де дайындалмағанын көреміз. Қылмыстылықпен күрес кезінде тергеушінің ролі шешуші ролді ойнау керек. Бұрынғы Конституциялық Кеңестің төрағасы болған Ю.А.Хитрин былай айтып кеткен екен: мемлекет «гипертрофқа ұшырған» деп, сот билігіне көп көңіл бөліп, мемлекет құқыққорғау жүйесіне тиісті көңіл бөлмейді, «кадрлардың таратылуы» қылмыскерлерге бұл тиімді. Барлығымыз тергеудің прокуратурадан бөлінгеніне күә болдық, МТК құрылуы мен қысқартылуы 2 жылдан артық жұмыс атқармады. Сол кезде қаншама тергеушілер жоғалған еді, оларды ешкім санамады.

Автордың барлық ұсыныстарымен келіспейміз. Материалдық қызушылық болса да, қоғамдық құрылу қызметінің тиімділігіне онша сенім жоқ. Бұқаралық ақпарат құралдарында Үйлестіру кеңесінің қызметінің әрекеті туралы жариялау туралы прокуратура әр кезде жариялылық қағидасын ұстанбайды. Мамандармен жіберілген аймақтық деңгейдегі үйлестіру кеңесінің кемшіліктері туралы айтатын болсақ, келесілер анықталады: үйлестіру кеңесін ұйымдастыру кезінде қатысушылардың формалдық қатынасы; үйлестіру кеңесінің отырысын дайындау және жүргізу бойынша, үйлестіру кеңесінің жұмыс жоспарына құқыққорғау органдарының қызметі туралы сұрақтары, оның ішінде осы аймаққа өзекті болып табылмайтын, заңдылықтың және криминогенді жағдайды есепке алмаған кезде; жоспарланған сұрақтарды уақытында қарастырмау, сонымен қатар жұмыс жоспарына сәйкес іс-шараларды орындамау; үйлестіру кеңесінің шешімін орындауға дұрыс бақылау жүргізбеу жатады.

Біздің ойымызша, кейбір авторлармен ұсынылған «қылмыстылықпен күрес бойынша құқыққорғау органдарының қызметін үйлестіру туралы» немесе «мемлекеттік немесе мемлекеттік емес органдардың және ұйымдардың қызметін үйлестіру бойынша қылмыстылықпен күрес және басқа да бұзушылықтары туралы» ҚР Заңдары қабылданбайды. Бәрінен бұрын қолданыстағы нормативтік актіні нақты мазмұнмен толықтыру қажет.

Үйлестіру қағидасы Үйлестіру кеңесінің бірлескен шешімін орындау кезінде әрбір мемлекеттік органның басшысының жауапкершілігі мифтік емес, нақты болуы қажет.

Құқыққорғау органдар органдарының қызметін Үйлестіру кеңесі отырысы 28 мамыр 2013 жылы өтті. Аталған шара барысында заңсыз сақталған қару-жарак, жарылғыш заттар мен жарылғыш құралдарды қолдану арқылы жасалатын қылмыстардың алдын алу болдыртпауы туралы сұрақтар қарастырылды. Бұл сұрақтардың маңыздылығы қоғамдық қауіпсіздік мен тәртіпті қамтамасыз ету, ұйымдасқан қылмыстылықпен күрес жүргізумен байланыстылығында [11]. Үйлестіру ретінде прокурордың мәртебесін арттырып, оған тиісті үйлестіру регламентін және қабылданған шешімдерді орындамағаны үшін жауапкершілікті қолдану құқығымен қоса тиісті өкілеттілікті бекіту қажет. Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының қызметін үйлестірудің нормативтік негіздерін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар өз жалғасын табуда.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Лукичев Ю.А., Вахмистров С.И.* Правоохранительные органы Российской Федерации: Учеб.-метод. комплекс. — СПб.: Изд. дом Герда, 2002. — С. 212.
- 2 *Братко А.Г.* Правоохранительная система. (Вопросы теории). — М.: Юрид. лит., 1991. — С. 50.
- 3 *Чердаков О.И.* Место и роль прокуратуры в правоохранительной системе советского государства в период его становления и развития (1917–1936 гг.) // Государство и право. — 2003. — № 12. — С. 86.
- 4 Закон РК «О правоохранительной службе» № 380-IV ЗРК от 6 января 2011 г. // Казахстанская правда. — 2011. — 19 янв. — С. 8.
- 5 info@lprc.kz
- 6 *Шалумов М.С.* Проблемы функционирования российской прокуратуры в условиях формирования демократического правового государства: Дис. д-ра юрид. наук. — Екатеринбург: Урал. гос. юрид. акад., 2002. — 247 с.
- 7 *Зайцев С.* Профилактика преступлений и правонарушений: координация и прокурорский надзор // Законность. — 2009. — № 8. — С. 4.
- 8 *Бахтыбаев И.Ж.* Концептуальные основы деятельности прокуратуры Республики Казахстан по обеспечению законности: Моногр. // Под общ. ред. Р.Т.Тусупбекова. — Алматы: Жеті жарғы, 2008. — С. 295, 296.
- 9 *Утибаев Г.К.* Развитие прокурорского надзора в координации деятельности правоохранительных органов Республики Казахстан // Вестн. Ин-та законодательства Республики Казахстан. — 2010. — № 4. — С. 71–74.
- 10 <http://www.spy.kz/.../O-zasedanii-Koordinacionnogo-soveta-po-obespecheniju>.
- 11 www.inform.kz/rus/artikle/

Г.Б.Султанбекова, М.Т.Абзалбекова

Нормативные основы координационной деятельности органов прокуратуры

В статье рассмотрены вопросы становления и развития нормативных основ координационной деятельности органов прокуратуры в Республике Казахстан. Отмечено, что практика осуществления координационной функции прокуратуры обнаружила определенные пробелы в законодательном регулировании этой деятельности, неоднозначную трактовку отдельных правовых норм. По мнению авторов, назрела необходимость принятия специального Закона РК, посвященного координационной функции органов прокуратуры.

G.B.Sultanbekova, M.T.Abzalbekova

Standard bases of coordination activity of bodies of prosecutor's office

In article questions of observance of requirements to the maintenance of statutory acts about Office of Public Prosecutor and public prosecutor's supervision are considered. The indissoluble unity of substantial rules of legal technics is shined at acceptance of these statutory acts. It connected by that a trade of the higher measure social: it is turned to people and carried out by means of people. Such requirements, as legality, expediency, validity, efficiency, timeliness, stability, profitability, a reality, an optimality are considered.

References

- 1 Lukichev Yu.A., Vakhmistrov S.I. *Law enforcement agencies of the Russian Federation*. Educational and methodical complex, SPb.: Gerd's publ. house, 2002, 212 p.
- 2 Mobster A.G. *Pravookhranitel'naya system (Theory questions)*, Moscow: Legal. lit., 1991, 50 p.
- 3 Cherdakov O.I. *Mesto's attics and a prosecutor's office role in law-enforcement system of the Soviet state during its formation and development (1917–1936)* // the State and the right, 2003, № 12, p. 86.
- 4 The law RK «About Law-enforcement Service» № 380-IV ZRK of January 6, 2011 // Kazhstanskaya pravda, 2011, 19, of January, p. 8.
- 5 info@lprc.kz
- 6 Shalumov M.S. *Problems of functioning of the Russian prosecutor's office in the conditions of formation of the democratic constitutional state*, Thesis of the doctor of jurisprudence, Yekaterinburg: Ural state legal Academy, 2002, 247 p.
- 7 Zhaytsev S. *Profilaktika's hares of crimes and offenses: coordination and public prosecutor's over-zor* // Legality, 2009, № 8, p. 4.
- 8 Bakhtybayev I.Zh. *Conceptual bases of activity of prosecutor's office of the Republic of Kazakhstan on law enforcement: The monograph* // Under R.T.Tusupbekov's general edition, Almaty: Zhety zhargy, 2008, p. 295–296.
- 9 Utibayev G.K. *Development of public prosecutor's supervision in coordination of activity of law enforcement agencies of the Republic Kazakhstan* // the Messenger of Institute of the legislation of the Republic of Kazakhstan, 2010, № 4, p. 71–74.
- 10 <http://www.spy.kz/.../O-zasedanii-Koordinacionnogo-soveta-po-obespecheniju>
- 11 www.inform.kz/rus/artikle/